



«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның толық атауы: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының толық атауы: «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының Басқармасы.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 35-бабына, 37-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және 3-тармағының 3) тармақшасына және 41-бабына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі жиналысты шақырудың бастамашысы ретінде **2026 жылғы 25 қыркүйекте** акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – акционерлердің жалпы жиналысы) өтетіні туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылары тізілімі жүйесінің **2026 жылғы 25 тамыздағы** жағдайының деректері бойынша құрылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы.
2. Исламдық банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия алу туралы.
3. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесті құру туралы.
4. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің сандық құрамын айқындау туралы.
5. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің өкілеттік мерзімін айқындау туралы.
6. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңес мүшелерін сайлау туралы.
7. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысына толықтыруларды бекіту туралы.
8. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 2026 жылғы 30 қыркүйекте аяқталатын тоғыз айдағы қызмет қорытындылары бойынша аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу, Банктің 2027–2028 жылдардағы тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жасау және Банктің 2026–2028 жылдардағы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 43-бабының 6-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасы орналасқан жерде, сондай-ақ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның корпоративтік интернет-ресурсында <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram>

bank/akcioneram (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша қолжетімді. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерінің сауал салуы болған кезде, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберіледі, бұл ретте құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты ақпаратпен мына телефондар арқылы танысуға болады: 8 (727) 259 07 77, 8-8000 8000 59, 8 (727) 259 05 99, 8 (727) 244 76 94, 8 (727) 330 15 46, 8 (727) 330 12 07, 8 (727) 259 03 04.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін сырттай дауыс беруді өткізудің келесі тәртібімен және сырттай дауыс беру рәсімімен танысуларын сұраймыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен, сырттай дауыс беру арқылы қатысу «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның <http://www.halykbank.kz> корпоративтік интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте:

1) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді алу үшін мына: <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелер бойынша өтіп, онда орналастырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің электрондық нысандарын басып шығару қажет немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй мекенжай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Бас офисінің қызметкерлеріне немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қалалық/облыстық/өңірлік филиалдарының Дербес сервис орталықтарының (бұдан әрі – ДСО) қызметкерлеріне хабарласу қажет, ал олардың мекенжайының тізімін <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелерінен алуға болады;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс бермес бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі барлық жолдарды акционер және оның дербес деректері туралы ақпаратпен толтыру қажет. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтаушылар» немесе «қарсы болғандар» немесе «қалыс қалғандар» деген ықтимал нұсқалары бар ұяшықтың біреуіне белгі немесе қол қою қажет;

3) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 49-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) қол қоюға тиіс. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (немесе оның өкілі) қол қоюға тиіс. Жеке тұлға – акционердің (немесе оның өкілінің) немесе заңды тұлға – акционер басшысының (немесе оның өкілінің) қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжаттағы, жеке тұлға – акционердің жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесіндегі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміндегі және жеке тұлға – акционер (немесе оның өкілі) толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі дербес деректер (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), ЖСН) сәйкес келуі тиіс.

Заңды тұлға – акционер туралы оның құрылтай құжаттарындағы (атауы, БСН), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінің деректері негізінде жасалған акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміндегі және заңды тұлға – акционер толтырған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдегі деректер сәйкес келуі тиіс.

Айырмашылықтар болған жағдайда, егер акционер (немесе оның өкілі) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньмен бірге көрсетілген деректердің/деректемелердің «Бағалы қағаздар орталық

депозитарийі» АҚ-ның ұстаушылар тізілімі жүйесінде өзгеруін растайтын құжаттарды (құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі) ұсынбаса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жарамсыз болып танылады.

4) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге:

жеке тұлға - акционерлер:

акционердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; **бюллетеньге оның өкілі қол қойған жағдайда:** акционердің және оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін және өкілдің қол қою құқығын растайтын құжатының көшірмесін;

занды тұлға - акционерлер:

занды тұлға – акционердің басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе акционердің өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың және өкілдің қол қоюға құқығын растайтын құжаттың көшірмелерін.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары базалық активі болып табылатын және акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге ниет білдірген Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иелері үшін арнайы ескерту:

Акционерлердің жалпы жиналысында ЖДҚ-мен ұсынылған акцияларды ұстаушылардың дауыс беру ерекшеліктері «ЖДҚ талаптары» («Terms and conditions of the GDRs») бөлімінің 12-бабына сәйкес ЖДҚ шығару проспектісінде («Prospectus») берілген. ЖДҚ шығару проспектісінің («Prospectus») көшірмесі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (<https://halykbank.com/storage/187/IPO-2006.pdf>) интернет-ресурсында қолжетімді.

Акционерлердің жалпы жиналысының жоғарыда көрсетілген күн тәртібінің дауыс беруге ұсынылған мәселелері бойынша материалдар және дауыс беру үшін нұсқаулықтар белгіленген тәртіпте The Bank of New York (бұдан әрі – Депозитарий) арқылы ұсынылады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Мира Даскал ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы: mira.daskal@bny.com

The Bank of New York, 10286 U.S.A, Нью-Йорк NY, Гринвич-стрит 240, 8-қабат.

5) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдау «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы органының нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй, мекенжайы бойынша немесе олардың тізімі <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде); <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде); <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемесі бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның корпоративтік интернет-ресурсында орналасқан ДСО-да немесе сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және осы ақпараттық хабарламада көрсетілген қажетті құжаттарды жолдау фактісін тіркеу мүмкіндігі бар пошталық (оның ішінде курьерлік) байланыс құралдарын пайдалана отырып («Қазпошта» АҚ, DHL және басқалардың офистері арқылы) жүзеге асырылады.

Күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша толтырылған сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға 2026 жылғы 26 тамыз сағат 9:00 бастап (Астана қ. уақыты бойынша) 2026 жылғы 24 қыркүйек сағат 18:00 дейін (Астана қ. уақыты бойынша) ұсынылуы тиіс. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді ұсыну күні оның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркелген күні болып есептеледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 46-бабының 3-тармағына сәйкес **2026 жылғы 25 қыркүйекте** есеп комиссиясы: келіп түскен сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдердің жарамдылығын анықтайды және нақты бюллетеньдердің санын және күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауыстарды есептейді; акционерлердің жалпы жиналысының кворумы болуын анықтайды; акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 51-бабының 6-тармағына сәйкес сырттай дауыс беру нәтижелері оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 45-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне сәйкес акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.

Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңының 35, 36, 37, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51 және 52-баптарына, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 24, 25, 26, 27 және 28-баптарына сәйкес өткізіледі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға шақырамыз.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**